

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**17-22 қаңтар аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының  
ТАЛДАМАСЫ**

22 қаңтар

Апталық жоспарға сәйкес 17-22 қаңтар аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. №1 білім тексеру сынағының қорытындысын талдау бойынша директор жанындағы отырыс өткізілді. мектеп директоры Д.Искакова тест тапсырмаларының құрылымы, сапасы мен қиындық деңгейлері, оқу бағдарламасында өтілген материалдардың қамтылуы бойынша сөз сөйледі. Әр пән спецификациясы бойынша оқу бағдарламасына сай алынғандығын айта келіп, МЖМББС меңгерту әр пән мұғалімінің жауапкершілігінде екенін атап өтті. төмен көрсеткіш көрсеткен пәндерден (50%-дан төмен) қайталау тапсырмаларын ұйымдастыру және қосымша сабақтар өткізу ұсынылды.
2. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды.
3. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
4. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
5. Жоспар бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу техникасының деңгейі бақыланып, пән мұғалімдері К.Жетпісбаева мен Л.Ташмағанбетова сараптама жасады.
6. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы жалғастырылды. Математика, физика, информатика, химия, биология, география пәндері мұғалімдері 7-8-сынып оқушыларымен юниор олимпиадасына дайындық жүргізді.
7. Қалалық пәндер олимпиадасына оқушылардың дайындығы қадағаланды. Пән мұғалімдеріне дайындық бойынша кеткен қателіктері жөнінде ескертулер айтылды.
8. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б. «Абайтану» республикалық олимпиадаға қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстарын жалғастырды.
9. Элективті, тандау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың өтуі қадағаланды.
10. «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысы бойынша пән мұғалімдері 2022-2023 оқу жылының зерттеу жұмыстарының тақырыптарын тапсырды.